

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ,
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
МИНИАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ

КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

«Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін
амытудың концептуалдық бағыттары: отандық және халықаралық-
ықтық тәжірибе» тақырыбындағы з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты
же алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

МАТЕРИАЛДАРЫ. •

24 ақпан 2012 ж.
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции на тему:
«Концептуальные направления развития судебной и
правоохранительной системы: республиканский
с и международно-правовой опыт», посвященной памяти д.ю.н.,
профессора Халикова К.Х.
(ежегодные Халиковские чтения)

24 февраля 2012 г.
Республика Казахстан
город Алматы

УДК 378:340
ББК 74.58:67.0
Қ18

Ответственные редакторы:

Заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ имени аль-Фараби,
Доктор юридических наук, профессор **Р.Е.Джансараева**
Доктор юридических наук, профессор **Л.Ш.Берсугурова**
Доктор юридических наук, и.о. профессора **Ш.М.Шарипов**
Кандидат юридических наук, доцент **А.С.Нуралиева**

Ответственный за выпуск преподаватель кафедры
уголовного права, уголовного процесса и криминалистики
А.Б.Избасова

Қ18

«Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін дамытудың концептуалдық бағыттары: отандық және халықаралық-құқықтық тәжірибе» тақырыбындағы з.ғ.д., профессор **К.Х. Халиковты** еске алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары) материалдары.

«Концептуальные направления развития судебной и правоохранительной системы: республиканский и международно-правовой опыт» (ежегодные Халиковские чтения): Материалы международной научно-практической конференции (24 февраля). Алматы, 2012. - 708 б.

ISBN 978-601-247-475-6

УДК 378:340
ББК 74.58:67.0

© **эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012**

Доктор юридических наук, профессор
Халиков Калимулла Халикович

37. Избасова А.Б. «Сыбайлас жемкорлықпен күресудің тарихы».....	351
38. Избаиров Ж. «Проблемные вопросы квалификации преступлений против установленного порядка внешнеэкономической деятельности».....	366
39. Искаков К. «Теоретико-правовые проблемы принципа гуманизма юридической ответственности».....	370
40. Истелюева М. «Сравнительный анализ патентных систем зарубежных стран с РК».....	381
41. Қалиев А.М., Джуматов А.Б. «Дінтану сараптамасының теориялық және тәжірибелік негіздегі мәселелері».....	394
42. Қасымбетов Қ. «Кәсіптік қызметін лайықты атқармаған қылмыскердің тұлғасы».....	403
43. Кенжибекова Э.П. «Соттық бақылаудың өзекті мәселелері: прокурорлық қадағалаумен арақатынасы».....	409
44. Ким О.Д. «Актуальные проблемы противодействия организованной преступности на современном этапе».....	414
45. Когамов А.Б. «Уголовно-процессуальное правонарушение и процессуальная ошибка: правовая природа и критерии разграничения».....	423
46. Қожабек Қ.М. «Инвестициялық құқықтың құқық жүйесіндегі орнының кейбір теориялық мәселелері».....	440
47. Маликова Ш.Б. «Экономика саласындағы қылмыстардың себептері мен жағдайлары».....	450
48. Мергембаева Н.Б. «Қылмыстық іс жүргізу заңында тергеу экспериментінің тактикалық ережелерін пайдалану мүмкіндіктері».....	460

Молдахожаяев Ш.Ш. «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалау бағыттары».....	466
Мулкеманова С. «Сот ісін жүргізудегі жеке айыптау қылмыстық істерін жүргізу ерекшеліктері».....	476
Мусабеков А.О. «Взаимосвязь торговли людьми и терроризма как криминальных явлений».....	492
Мусабекова А.Р. «Классификация мер уголовно-процессуального принуждения».....	499
Муханова Ш.Н. «Сот сараптамасының қорытындысы және оны бағалау».....	506
Нурболатов А.Н. «Идея евразпола - это логика событий, продиктованная действительностью».....	510
Мыңбатырова Н.Қ. «Құқықтық және саяси ілімде халық билігі тұжырымдамасының қалыптасуы».....	523
Нускабаев М. «Соотношение коррупции и организованной преступности».....	531
Нурмаганбет Е. Т. «О Реформах адвокатуры и совершенствовании адвокатской деятельности в Кыргызстане».....	537
Нурмаганбетова М. Т. «Инновационные проблемы развития пенсионных фондов РК».....	547
Нуспекулы О. «Система судебных действий при допросе по УПК 1997 года: состояние и перспективы их процессуальной регламентации».....	557
Оводов И.С. «Особенности допроса подозреваемого при расследовании преступлений против собственности».....	575

ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

Маликова Ш.Б., з.г.к., ғылымның ұқық, ғылымның іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті

Экономика саласындағы қылмыстылықты талдауды шаруашылық процестерді нарықтық реттеуге өтудегі нақты криминологиялық жағдайларға қарай бірнеше бағытта орынды жүргізу қажет.

Бұл орыда экономикалық қылмысты тек бизнеспен теңестіруге оқталу жасалуда, яғни нарықтық экономика елдерінің түсінігінде үстемдік ететін заңсыз баю максатынды құқыққа жат нысандарда іс жүргізу.

Өтпелі кезең экономикасындағы криминологиялық жағдайлар мына нәрселермен анықталады:

- қызмет бабын асыра пайдалану, паракорлық, мемлекет және қоғам мүлігін тонау түрлерінің әр түрлі статистикадағы жиынтығымен;
- құқық қорғау органдарына белгісіз латентті (жасырын) экономикалық қылмыстың едәуір көп орын алуымен;
- қылмыстық жауапқа тартылу қаупі бар, тыйым салынған, қоғам санасында қиын бағаланатын экономикалық реформалардың жаңа түрлерінен туындайтын қылмыспен.

Экономикалық қылмыстың себептері мемлекет пен экономика бар кез келген қоғамда орын алады. Қылмыстың себептері криминологияда негізінде "қылмысты өз салдары ретінде детерминациялайтын элеуметтік құбылыстардың

қоғамдық-экономикалық формациясына арналған теріс жүйесі" ретінде түсіндіріледі. Өзара әрекет пен байланыста болатын экономикалық қылмыстың детерминаттары туралы да осыны айтуға болады.

Олар экономикалық қылмыстың криминогенді және антикриминогенді факторлары, өзіндік себептері мен шарттары секілді біртұтас себеп-салдарлы кешен туралы айтуға негіз беретін, бір-бірімен тікелей байланысқан бір ғана шынжыр болып табылады.

Экономикалық қылмыс себептерін зерттеудің қалыптасқан тәсілі осы уақытқа ден ашық бейнеленген идеологияланған сипатта болды. Бір кезеңдерге қоғамдық қатынастардың белгілі бір дәрежедегі жетістігімен экономикалық қылмысты қоғамдық феномен (құбылыс) ретінде тану қажет деген тұжырымдар да жасалды.

Экономикалық, қылмыстың детерминаттары барынша ашық, әрі идеологиялық ұстанымда баяндалды, мұнда "себептер" экспорты, яғни, "империялық мемлекеттер лагері" мен "капиталистік жаулап алу" жағдайымен байланысты "себептер экспорты" мойындалды. Осының бәрінде таптық күрес туралы пікірдің қолтанбасы жатты. Қоғамдық қатынастардың кемелденуі социалистік қоғам меншігі қатынастарының билеп-төстеуші сипатымен тікелей байланыста болды.

Экономикалық қылмыс детерминаттарының тарихи өзгермелі сипаты болғаны сөзсіз, оларға экономика заңдарын элеуметтік-экономикалық басқару жүйесінде қолдану тәжірибесіне тәуелділік тән.

Осыған орай, қылмыскер тұлғасын қалыптастырудың экономикалық негіздері туралы біздің де түсініктеріміз өзгеріп фады. Тұлғаны қоғамға пайдалы еңбекке қатыстыру арқылы

калыптастыру адамның тұлға ретінде дамуының айнымас жолы болып қалады да. Бірақ, нарық біздің қоғамға пайдалы еңбек туралы ұғымымызға көптеген жаңа нәрселер енгізуде. Қазіргі күнде де, қоғам "нарық адам қабілетін көрсетуге зор мүмкіндік берді" деген тұжырымға келеді [1,166.].

Дәл қазіргі уақытта біздің қоғамымыздың болашағын түсіну оның экономикалық және элеуметтік мазмұнымен байланысты. Өндірістік ұйымдар мен басқару құрылымдары, меншік нысандары алмасып, экономикалық қылмыстың жағдайы мен құрылымында айтылатын жаңа факторлар пайда болды.

Қазіргі заманғы экономикалық қылмыстың детерминанттарын қарастыра отырып, олар ұқсас түрде топтастырылуы тиіс дегенге сүйенген дұрыс. Осы негізде экономикалық қылмыстардың себептерін:

- 1) Жалпы, толық немесе жиынтық себептер;
- 2) Нақты немесе спецификалық себептер;
- 3) Кримогенді немесе антикримогенді факторларға назар аударатын отырып нақты қылмыстардың жасау жағдайлары мен себептері деп бөлеміз [2, 116.].

Экономикалық қылмыстың жалпы, толық немесе жиынтық себептері шаруашылық жүйесінің, оның экономикалық негіздерінің терең де мәнді сипаттарымен анықталады. Олар қылмысқатікелей де кері де бағыттарда әсер ете алады. Оның үстіне бұл әсер екі жақты сипатта болады.

Бір жағынан ол аталған жүйенің мәнін бейнелейтін экономикалық қатынастардың мазмұнына негізделген. Екінші жағынан - қылмысқа экономикалық заңдар талаптарын бейнелейтін экономикалық қатынастардың саналы әрекеті барсындағы нәтижелер әсер етеді.

Бұл - субъективті фактор, ол экономикалық қатынастардың аталған жүйе меншігін пайдалануға көмектесе алды, қоғамда антикримогенді қайшылықтар мен қылмыстық жағдайлардың туындауын ескертіп отырады.

Кеңестік жүйеде экономикалық қылмыс себептерін тудыратын қасиеттерден айырылған деп есептелініп келді. Бұл, әрине, заң әдебиеттерінде барлық нәрсе бір жақғы, бір мәнді шешілді дегенді білдірмейді. Мұндай тәсіл директивті құжаттарға ғана тән болды. Бүгінгі күні келешектегі экономикалық қылмыс пен бұрынғы экономикалық қылмыстың байланысы туралы мәселені шешу бізге өтпелі кезеңде не болып жатқанын ажыратуға көмектесуі тиіс. Сонымен, экономикалық қылмыстың толық және жалпы себептерін белгілей отырып, олардың детерминанттарының жүйесін айта отырып, олардың қысқаша кримиологиялық сипаттамасына назар аударамыз.

Шаруашылықтың екі жүйесінің салыстырмалы кримогендігі туралы мәселе жоғарыда қарастырылғанда экономикалық қылмыс көп жағдайда меншік қатынастарымен, ал жеке сипаты-адамдардың оған қызығушылығын жоғалтумен анықталатындығы айтылған.

Меншік пен жоспарлылық тұрғысында экономикалық қылмыстың толық себебі жүйесіндегі, орналастыру жүйесіндегі, ең алдымен еңбекпен қамту жүйесіндегі сәйкессіздіктер (диспропорция) айтарлықтай әсер етті.

Социализмнің еңбекпен қамту туралы экономикалық заңын мойындай отырып, нақтысын айтқанда олардың талаптарына бағына отырып, еңбек пен оны марапаттау шарасы арасындағы бірлікті анықтауға талпыныс жасалды.

Экономикалық қылмыстың жалпы себебіне айтарлықтай әсер ететін басқа экономикалық қатынастар

ішінде аталғандардан тауар-ақша қатынастарын сөз етуге болады. Ақша-тауар қатынастарындағы деформациялар экономикалық қылмыстың, ең алдымен ақша айналымдағы қылмыстың өсуіне едәуір әсерін тигізді. Аталған деформациялар өндірістің құлдырауы, оның құрылымының өзгеруі, экономикалық байланыстардың жойылуы, халық шаруашылығындағы сәйкессіздіктердің салдарлары болып табылады.

Өтпелі кезеңде бюджеттіқтапшылық(дефицит) пайда болды, бағатүзу, есеп, ақша айналымы жүйелерінің жұмыс жасауы токтатылды. Бул деформациялардың қылмыс детерминанттары қатарына қалай өтетіндігін бақылап отыруға болады. Экономикалық қылмыс көрсеткіштерінде реформа өткізу тәжірибесі, экономиканы басқару тәжірибесі, басқару қатынастарының деформациялары (түр өзгерулер) айтылған. Экономикалық қатынастардың бірінші реттегі детерминант ретіндегі рөлі туралы мәселені қарастырудан қорытынды шығара отырып, олар өз жиынтығында жоғарғы деңгейіндегі себепті анықтайтындығын тағы бір атап өткен жөн.

Шамасы экономикалық қылмысқа екінші қатардағы детерминанттар - нақты және спецификалық себептер әсер ететін болуы тиіс. Нақты және спецификалық себептер элеуметтік климат ерекшеліктерімен, қоғамның қажеттіліктерімен, экономикалық реформалардың мәнімен, мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясаттың мазмұнымен тығыз байланыста десек болады. Егер себептердің бірінші тобы (жалпы себептер) нарықтық қатынастар мен меншіктің жаңа формасына өтуінен туындаса, екінші тобы (спецификалық себептер) приватизация мен либерализация амалдарының, есеп жүйесіндегі

өзгерістердің, нарықтық экономикалық қатынастарға өту кезеңіндегі басқа да шаралардың салдарлары болып табылады. Жекешелендіру процесі мемлекет пен азаматтардың өмірлік маңызды мүдделерінің бірі ретінде саналады. Оның едәуір антикримогендік мәні бар маңызды қағидалары мыналар болып табылады:

Жекешелендіру процесінде оған қатысушы әртүрлі элеуметтік топтардың материалдық талап-тілектерін құру, ол элеуметтік топ: жұмысшылар, мекеме жетекшілері, жергілікті билік органдарының басшылары т.б.

- Занды және жеке тұлғалардың арыздары, тапсырыстары бойынша жекешелендірудің оның бастамасымен үйлесуі;
- Жекешелендіру өткізілген кезде оған қызығушылық танытқан халықты ақпараттандыруды қамтамасыз ету;
- Жекешелендірудің жоғары қарқынмен жүзеге асуын қамтамасыз етуші әдістер мен процедураларды, сондай-ақ меншік үшін бәсекелестікке, адал күреске кепіл болатын амал-тәсілдерді таңдау.

Демек, жекешелендіру меншік түрінің алмасуымен сипатталады, ол басқаның мүлкін заңсыз иемдену мақсатындағы құрал ретінде жиі пайдаланылады. Жекешелендіру көптеген елдердің тәжірибесінен бұрыннан белгілі. Оның экономикалық қылмыс детерминанттары жүйесінде қарастырылуы аса маңызды. Бүгінгі іганда Қазақстанда орын алған тәжірибе өзіне көптеген •имогендік факторларды жинады.

Біріншіден, бұл жеделдетілген жекешелендіру нұсасын таңдауға негізделген. Елдің үлкен экономикалық потенциалы орталықтандырылған басқарудың барлық емшіліктерімен меншік реформасы процесіне таратылды.

Ірі мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды бірте-бірте коммерцияландыру мүмкіндігі жоспарланды.

Екіншіден, жекешелендірілген кәсіпорындарда иемдену құқығы жоқ кожайындар жиі басшылық етеді. Еңбек етуші ұжым сызылып тасталып, ол басқа қолға өткенде оның мәні формальді түрде ғана болады.

Үшіншіден, ваучерлік жекешелендіру орнатқан кәсіпорындардың бағасы негізгі қорды дұрыс бағаламау салдарынан оларды заңсыз иемдену секілді қылмыстық құрылымға жол ашып береді.

Экономикалық қылмыстың өзіндік себептерінің тұтастайкешені(комплекс)аграрлықсектордақалыптасқан. Ол себептер егін егетін жерді ауылшаруашылығына еш қатысы жоқ адамдарға беру, техника, инвентарь, минералды тыңайтқышты төмен бағамен сату т.б. жайлардан туады.

Жекешелендіру мен акционерліктен түскен ақшалай түсімді көп жағдайда белгіленген межеде жұмсамай, ол ақша мемлекеттік басқару органдарының құзырында калып қояды, яғни жекелеген тұлғалар иемденеді.

Экономикалық қылмыс детерминанттары жүйесінде нақты және спецификалық себеп ретінде либерализация процесі де рөл ойнайды.

Кең мағынасында либерализация - саудадағы сандық және сапалық шектеулердің біртіндеп кері қайтуын, кәсіпкерліктің дамуын білдіреді. Либерализация өтпелі нарық кезені экономикасында эрекет етуі қажет және антимонополиялық реттеу жүйесінің элементі ретінде қызмет етуі тиіс. Ол нарықтық механизм онсыз тіршілік ете алмайтын жаңа байланыстар орнатуды дұрыс деп табады. Бұл байланыстар басшылық етуші субъектілердің дұрыс

шешім қабылдауына, тең дәрежеде экономикалық және эріптестік еңбек етуіне негізделуі қажет.

Айтылған нәрселер либерализацияны нақты және спецификалық себептер деңгейіндегі экономикалық қылмыс детерминанты жүйесінде қарастыруға құқық береді.

Біріншіден, либерализация жекешелендіру процесімен қатар (параллелді) жүреді.

Екіншіден, либерализация біртұтас бағаны жоюды дұрыс деп табады. Мемлекетпен реттелінетін бағаның үлесі нарыққа өтудің алғашқы кезеңінде ішкі ұлттық өнімнің 2-3 пайызын құрауы қажет.

Айта кететін бір жай, бағаны либерализациялау бөлшектік бағаның міндетті түрде және көп мөлшерде өсуімен байланыстырылмайды. Тауарларды тек дүкен қоймаларында ғана емес, сондай-ақ кәсіпорындарда, поезд жолдарында тығу оқиғалары барлығымыздың есімізде. Бұл құбылысты экономикалық саботаж ретінде қарастыруға оқталу болғанымен де, бұл шын мәнісінде оңай түсіндіріледі, сатушылар бағаның көтерілуін тосты.

Экономикалық қылмысты жасаудың шарттары мен жағдайлары детерминанттардың жүйесін бекітеді. -Олар өздігінен жекелеген қылмыстар тудырмайды, бірақ қылмыстың пайда болуы мен жасалуына жағымды жағдай жасайды [3, 546.].

Шарт пен жағдай қылмысты не жеделдетіп, не болмаса, аялдата алады, келтірілген зиян мөлшеріне, қылмыстың ашылуына, кәніліні анықтауға әсер ете алады. Осыған қарамастан, жағдай мен шарт жалпы және іецификалық себептермен салыстырғанда детерминант ісатегориясы болып табылмайды. Мысалы, коммерциялық анк эрекеттерінің ретсіздігі жасанды афизо көмегімен

көптеген миллиард сомадағы ақшаны "жымқыруға" жақсы жағдай туғызады.

Экономикалық қылмыс детерминанты жүйесінде айрықша орынды экономикалық құлдырау алады.

Экономикалық құлдыраудың мәнін түсіну белгілі бір себептердің арқасында көпке дейін идеологиялық сипатта болып келді. Құлдырау капиталистік шаруашылыққа, оның оның даму фазасы ретінде қарастырылды.

Экономикалық қылмыс жасырын баюдың кең таралған және сенімді көзі болып барады. Қазақстан Республикасындағы элеуметтік-экономикалық формация алмасуының даму процесі нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтық нормалардың бұзылуына қарсы заң қабылдай отырып, заңсыз баюдың мүмкіндіктерінің алдын алуға белсене кірісті. Бұған қоғамның мүлктік жағдайы бойынша бөлінуі, оның байлар мен кедейлер болып ажыратылу процесі де ықпал етті. Соңғыт фактор қиын материалдық жағдай салдарынан азаматтарды экономикалық қылмыс жасауға итермелейді. Экономикалық ретсіздік салдары ретінде "кез келген жолмен баю" деген қылмыстық идеология қалыптаса бастады. Осының бәрі адмдардың өз мақсаттарына жету жолында сан алуан қылмыстар жасауына ықпал етпей қоймайды. Ол қылмыстардың барынша кең тараған әдістері салықтан бас тарту, банк жүйесінде заңсыз кіріс тарту, жасырын кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ қылмыстық элемент назарына елдің табиғи байлығы ілінуде, компьютер техникасы қылмыстық мақсатқа пайдаланылуда.

Сонында, құқық қорғау органдарының меншікті қорғау әрекеттерінің тиімсіздігі салдарынан басқаның мүлкіне қол сұғудың ең дөрекі формалары бөлініп шықты.

Адамдар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін зорлық, қиянат көрсету секілді қылмыстардың саны күрт артып кетті. Мұндай қылмыстар айрықша топқа жатады және экономикалық қылмыс ұғымы шеңберінен шығып кетеді.

Қазақстандағы қазіргі экономикалық қылмыс қоғамдық экономикалық қатынастарды құқықтық-нормативтік реттеудің жеткіліксіздігінің салдары мен мемлекеттің нарыққа өту кезеңіндегі басқару сипатының нашарлығынан туындады.

Яғни, мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесіндегі кемшіліктер астыртын, жасырын, ашылмай қалған қылмыстардың таралуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.М.Егоршин, В.В.Колесников. Преступность в сфере экономической деятельности. СПб.: 2000г. Стр. 16.
2. А.А.Крылов. Социально-экономические проблемы нейтрализации криминальной экономики. М., 1992г. Стр. 11
3. Криминология. Учебник СПб.: СПб ун-т МВД РФ, 1999г. Стр. 54

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются причины и условия вступлений в экономической сфере

SUMMARY

In this article the reasons and conditions of crimes in the economic sphere are considered